**№1 қазақ жалпы білім беретін орта мектебінің**
**Кезектен тыс педагогикалық кеңесі**
**Хаттама № 6 (үзінді)**

**Өткізілген күні: 30.06.2023**
**Қатысқандар:**
Педагогтар саны: 20
**Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде:**
Педагог кадрларды облыстық марапатқа ұсыну (мектеп директорының оқу ісі жніндегі орынасары Г.Ә.Прімжар)

**Тыңдалды:**

Күн тәртібінің негізгі мәселесімен мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы М.М.Сейілханов таныстырып өтті.
Қарастырылған негізгі мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Ә.Прімжар хабарлама жасады. Хабарламада 2022-2023 оқу жылындағы белсенді мұғалімдерді тоқтала отырып, осы оқу жылдарында білім алушылары көп жетістікке жетіп, өз біліктілігін көрсеткен бірнеше мұғалімдерді атап өтті. Облыстық деңгейде шәкірттері жүлделі орын алған А.Б.Сартаева, Ә.С.Жолаева, Н.Е.Абдированы оқу жылының қортындысы негізінде облыстық марапатқа лайықты мұғалімдер деп жетістіктерін атап өтіп,таныстырды. Осы орайда оқу-ағарту министрінің алғысына аталған бір мұғалімді ұсыну туралы мектеп ұжымына ұсыныс жасады.

**Сөз сөйлеушілер:**

**Мектептің бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы Г.К.Шахуова.**

А.Б.Сартаева өз ісінің шебері.деп көрсете отырып оның бірнеше жетістіктеріне тоқталып өтті. Аудандық 2020ж А.Құнанбайұлының 175-жылдық мерей тойы карсаңында ұйымдастырылған «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» аудандық байқауында І-орынды, «Жыл мұғалімі-2022» аудандық байқауына қатысып,тәжірибесінде инновациялық тәсілдерді ұтымды қолданып,педогогикалық шеберлігін, ізденімпаздығын көрсете біліп І-орынды, Облыстық Абай оқуларына «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» атты халықаралық байқауға оқушы дайындағаны үшін Мадақтама(2018 ж) Диплом «Қобыланды батыр» жырын жатқа айтудан «Қазақ эпос» республикалық ағарту жобасы «Тұлпар мініп,ту алған!» байқауында белсенді қатысып, окушы дайындағаны үшін, үшін (2019ж). ДИПЛОМ І-ДӘРЕЖЕЛІ «Шығармашыл-педагог-2021»І Респуликалық олимпиадаға қатысып,өзінің кәсіби шеберлігімен көрінгені үшін (2022) І дәрежелі ДИПЛОМ. Қазақ тілі пәні мұғалімдері арасында өткен облыстық педагогикалық олимпиадада І-орын (2022 ж) секілді жетістіктері негізінде марапатқа лайықты деп танып, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне ұсыныуға лайық деп таныды.

**Қазақ тілі пәні мұғалімі Сламғалиева Г.Ж сөйледі. А.Сартаева**.

Жоғарыда аталған мұғалімдердің ішінен облыстық оқу-ағарту министрінің алғысына лайықты педагог-зерттеуші, өз ісінің білгірі, А.Б.Сартаева лайықты деп қорытындылады. 18 жыл стажы бар, білім деңгейі жоғары. Сонымен қатар мектепте Театр үйірмесіне жетекшік еткен уақытта ауаннан бірнеше рет бас жүлдені иеленіп, облыстық байқауларда ІІ орынды жүлдеге ие болғаныныа тоқтады Ізденімпаздығының арқасында көптеген жетістіктерге жетікендігіне тоқталды.

Күн тәртібінің негізгі мәселесі бойынша пікірлермен ұсынысытар толық тыңдалды.А.Сартаеваны оқу-ағарту министрінің алғысына ұсыну туралы дауысқа салынды.

Дауыс беру барысында ұсынысқа қарсы болғандар мен қалыс - қалғандар болған жоқ.

**Қаулы етті:**

1. Оқу-ағарту министрінің алғысына педагог-зерттеуші, өз ісінің білгірі, А.Б.Сартаева ұсынылсын.

Кеңес төрағасы м.у.а: М.М.Сейілханов

Хатшы: М.А.Досқалиева